

2021 жылдың 12 наурызында КТ және ЛЖ кафедрасында «Ұлыстың ұлы күні» атты Наурыз мейрамына арналған онлайн-дөңгелек үстел өткізілді. Аталған іс-шараны ұйымдастыруға 37 студент, атап айтқанда ТТ-18-1, ТТ-18-1С, ТТ-18-2 топтары және олардың кураторлары А. Б. Кукешева мен Р. М. Сеитов қатысты. Бұл іс-шараның қадірлі қонақтары Көлік-жол факультетінің деканы Б.К. Курмашева, тәрбие ісі жөніндегі деканның орынбасары М. Т. Оспанғалиева, сондай-ақ факультеттің оқытушылары болды. Іс-шараның басында топ кураторлары студенттерді «Наурыз» мерекесінің көпғасырлық тарихымен таныстырды. Биылғы жылы «Рухани Жаңғыру» институтының ұсынысы бойынша «Наурыз» мерекесі 14 наурыз бен 23 наурыз аралығында атап өтіледі, осыған байланысты бұл іс-шара барысында топ студенттері әр мерекелік күннің мазмұны мен мағынасын толық ашуға тырысты. Содан кейін студенттер арнайы «Сұрақ-жауап» ойынын ойнаған болатын, бұл ойынның сұрақтары «Наурыз» мейрамымен тікелей байланысты болды. Содан соң топ студенттері іс-шара қонақтарына «Наурыз» мерекесіне арнайы дайындаған өздерінің құттықтау бейне-роликтерін ұсынды. Іс-шара соңында ТТ-18-1 тобының студенті Досжан Т.Е. домбырада «Ерке сұлқым» күйін ойнады. Қонақтар бұл іс-шараға өздерінің оң бағаларын беріп, оның жақсы ұйымдастырылғанын атап өтті. ТТ-18-1, ТТ-18-1с және ТТ-18-2 топтары баршаңызды келе жатқан Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтайды!

ФОТО-ОТЧЕТ



Наурыз мейрамының пайда болу тарихы

Бұл мейрам туралы көптеген аңыздар бар. Соның бірі: өз елін аралап жүрген **парсы патшасы Джемшид** Әзірбайжан деген жерге тоқталыпты. Ол уәзірлеріне күнгей жаққа қаратып, үлкен тақ орнатуды бұйырған екен. Күн сәулесімен шағылысқан тақ айналаға ерекше нұр шашыпты. Осыдан соң, ел бұл күнді жаңа жыл есебінде тойлауды дәстүрге айналдырыпты.




парсы патшасы Джемшид

Наурыз мейрамының осы жылы тойлануы

14 наурыз – «Көрісу күні»
15 наурыз – «Жайлау күні»
16 наурыз – «Шежіре күні»
17 наурыз – «Тарихқа тағзым күні»
18 наурыз – «Игі істер күні»
19 наурыз – «Шымырлық пен шеберлік күні»
20 наурыз – «Зияткерлік күні»
21 наурыз – «Ұлттық тағамдар күні»
22 наурыз – «Бұқара күні»
23 наурыз – «Жоралғы күні»

Биыл Наурыз мейрамы Рухани Жаңғыру институтының ұсынысымен **10 күн, яғни 14 наурыздан бастап 23 наурызға дейін тойланатын болады.** Жоспарға сәйкес мерекенің әр күні белгілі бір мазмұнды шараға арналатын болады. Бұл шаралар отбасылық құндылықтарды құрметтеуге, қоршаған ортаға ұқыпты қарауға, игі істер жасап, қайырымдылық жасауға үндемек және ұлттық салт-дәстүрлерімізді дәріптеуге арналмақ.

ХІ ғасырдың ұлы ғалымы әрі ақыны
Омар Хайям жұлдыздар мен
шоқжұлдыздардың толық циклды
аяқтағаннан кейін, өзінің бастапқы
жүру нүктесіне келіп, жаңа жолды –
шеңберді қайта бастайтын байқады.
Бұл күн 22 наурызға дәл келген. Осы
жаңалықты ашқаннан кейін,
О. Хайям 22 наурызды қалай
атайтын болған?



Жауап

09 / 28 / 19

Наурыз көжеге
қосылатын
7 түрлі затты
атап өтіңіз.



Жауап

09 / 28 / 19

